

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.
«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ:
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ
ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ ЕСЕБІ**

2025-2026 оқу жылы

Алғашқы қоңырау күні салтанатты жиын тақырыбы: «Мектебім- мейірім мекені» өте жақсы өткізді. Оқушылар толық қатысты. «Юркино» қамқорлық жетекшілер серіктестері оқушыларға өз құттықтауларын айтып, 1-сынып оқушыларына өз сыйлықтарын ұсынды. Алғысымыз шексіз!



2-қыркүйек «Менің Отаным Қазақстан» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушыларды Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында.



04-қыркүйек Сынып жетекшілермен жиналыс өткізілді мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы туралы толық түсінік беру. «Адал азамат» бағдарламасы бойынша түсіндірілді, алты құндылықты іске асыру жолдарымен таныстырылды.



05.09.2025 Тілдер апталығына байланысты барлық сыныптармен көптеген іс-шара өтті. 1-4-сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті, өте тамаша оқылымдар болды.. Әр сынып бір ертегі, әңгімеге байланысты макет жасады және оны қорғады.



Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында.



12.09.2025 Тілдер апталығына байланысты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Барлық сыныптар арасында.



«Жолда жүру ережесін білесің бе?» атты сынып сағаттары өтті, «Қауіпсіз мектеп ортасы» акция бойынша балалар жарақатының алдын алу мақсатында 1-11 сынып оқушыларымен қызықты сайыстар өтті.



12-қыркүйек Отбасы күніне арналған іс-шаралар оқушыларды мейірімділікке, адамгершілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсатында және өз отбасының абыройын асыру аясында отбасылық «түскі ас», «кешкі ас» видеоролик жасалды.



Тілдер апталығына байланысты «Сайлау елдің болашағы» тақырыбында диктант жазды. Жүргізген Бекей Жанбота.



Ата-аналар жиналысы «Ашық есік» өтті. Ата-аналарға арнап ойындар, қызықты сұрақ-жауаптар, тренингтер дайындап есте қалардытай өткізілді.



Буллингке жол жоқ. Оқушылармен челлендж өтті. Буллинг туралы оқушыларға түсіндіру. Оқушыға қатысты мектептегі зорлық-зомбылық, қорлау және кемсітуге болмайтынын айтып, агрессияның жүйелі көрінісі зиян екенін айту. Буллинг жасөспірімдер ортасында жиі кездеседі, сондықтан кіші және үлкен жасөспірімдер жасындағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында болды.



Күзгі табиғатқа саяхат. Бастауыш сынып оқушыларымен, сынып жетекшілері күздің керемет табиғатымен танысуға саяхатқа шықты. Оқушыларды күздің кереметтерімен таныстыру мақсатында.



Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында.



Күнде тәңертеңгі сағат 08.15. те таңғы жаттығу болады. Оқушылардың денесін шынықтырып, сымбатты болып өсу мақсатында. Оқушы сергек, көңіл күйі көтеріңкі болып жүреді. Жүргізуші кезекші сынып.



Оқушылармен «Адал азамат» қандай болуы керек атты дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылармен қызықты сұрақ- жауап алынған тамаша көңіл күйде дөңгелек стол болды.



Мектеп директоры:  Садвокасова Г.А.

Орындаған: ДТІЖО Боканова.А.С

